

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 197ад Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 349-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 6-жолының 5-бағаны:

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Арнайы жабдықтарды сатып алу - 24 бірлік, лицензиялық бағдарламалық камтамасыз етуді сатып алу - 1 бірлік, маршрутизатор - 13 бірлік, ноутбук - 2 бірлік";

6-бағандағы "қаңтар - наурыз" деген сөздер "жыл бойы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) көрсетілген қаулыға 351-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 1-жолының 5-бағанындағы "үздіксіз қоректендіру көздерімен және лазерлі принтерлі дербес компьютерлер - 304 бірлік" деген сөздер "үздіксіз қоректендіру көздерімен дербес компьютерлер - 409 бірлік, лазерлік принтерлер - 329 бірлік, түрлі-түсті лазерлік принтер - 1 бірлік, абоненттік пункттер - 23 бірлік, кондиционерлер - 24 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 352-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің реттік нөмірі 1-жолының 5-бағаны:

"түрлі-түсті принтер - 1 бірлік, сканер - 1 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын; 6-баған мынадай редакцияда жазылсын: "жыл бойы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі